

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Игамкулов М.,
Қазақ тілі және әдебиеті
бағыты 4-курс студенті;

Дуйсабаева Д.У.,
Низами атындағы
ТМПУ доценті.

Аннотация. Мақалада қазақ тіліндегі жалғаулар, соның ішінде жіктік жалғауының зерттелуі, өзіндік белгілері мен оқыту жолдары туралы сөз болады. Тілші ғалымдардың қазақ тіліндегі жіктік жалғауының өзіндік сипаты жайлы ғылыми көзқарастарына тоқталған. Жіктік жалғауын оқыту әдіс-тәсілдері туралы ұсыныстар берілген.

Тірек ұғымдар: сингармонизм, жалғау, жіктік жалғау, есімдердің жіктелуі, етістіктің жіктелуі.

Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде ғалымдар жіктік жалғауының шығу төркінін жіктеу есімдіктерімен байланыстырады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шыққанын айтады. Яғни жіктік жалғаулары *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерінен шыққан. Соған байланысты I, II жақ жіктеу есімдіктері мен етістік әрдайым қиыса байланысады. Әрі жіктеу есімдіктері етістіктен кейін келіп, өзара қиыса байланысқан. Кейін қосымшаға айналып кеткен. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Ғалымдар өз еңбектерінде қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін терең пайымдағандықтан төмендегідей сипаттайды: жіктеуді анайы-сыпайы жөнге ажыратып, анайы жіктеуді I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік); сыпайы жіктеуді I жақ көпше түрі жоқ екенін көрсетіп, жіктеу үлгісі бірізділікпен, жүйелі түрде баяндалған болатын.

Ғалым есімдікке төмендегідей анықтама береді: «Есімдік дегеніміз — есімдердің, яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, орнына жүретін сөздер, мәселен, мағлұм дегеннің орнына «мен» деймін, саған сөйлегенде атыңды атаудың орнына «сен» деймін, анау баланың атын атаудың орнына «ол» деймін. «Мен», «сен», «ол» деген сөздер зат есімнің орнына жүрген себептен есімдік болады», «Жіктеу есімдігі дегеніміз — нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, бәрі, барша» [1; 226]. Жіктеу есімдіктеріне мына есімдіктерді жатқызады: өз (өзім, өзің, өзі), бәрі, барша. Олардың тәуелдік жалғауының 3 жағында септелуін көрсетеді. Ғалымның бұл терминді алуындағы бір кемшілік — бұл терминнің қалыптасқан

«жіктеу есімдігі» (мен, сен, ол) терминімен сәйкес келіп, онымен омоним болуы.

Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаевтардың авторлығымен жарыққа шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында, сонымен қатар бұл еңбектерге дейін жарық көрген Қ.Жұбанов (1936), С.Аманжолов (1938), І.Кеңесбаев пен С.Жиенбаевтың «Грамматикаларында» (1942) етістік бөлімі жақ категориялары үзілмей берілумен бірге, кейбір толықтырулар мен лингвистикалық атаулар тиянақталып, өзгерістер енгізіліп отырса да, белгілі бір дәстүрлі жүйе берік сақталып келеді [2; 520] деуге әбден болады.

Қазақ тіл білімінде жіктелуді, жіктік жалғауды бірде тек жақтық мағынамен байланысты қарап, оны, жақтық мағынаны, предикативті мәнімен барабар деп түсінушілік те бар. «Жіктік жалғауы өзінің жалғанған сөзіне тек қана жақтық мағына үстейді, яғни предикативтік реңк береді» [3; 149].

Бірақ сол арқылы грамматикалық жүйе ретінде жіктік жалғау тек жақтық мағынамен ғана шектеліп қалмайды, онда жіктік жалғаудың тәуелдік жалғаудан бөлек грамматикалық категория боларлықтай ерекшеліктері, айырмашылықтары болмас та еді. Жақтық мән жіктік жалғауда да, тәуелдік жалғауда да бар.

Төрт жалғаудың үшеуі (көптік, тәуелдік, септік жалғаулар), әдетте, сөз табы жағынан зат есімге тән, зат есімнің түрлену жүйесі деп анықталады да, жіктік жалғау көбіне етістікпен байланысты сипатталады. Бірақ жіктелетін тек етістік ғана емес. Әдетте жіктік жалғауы етістіктің түбіріне тікелей жалғанбайды, белгілі бір формаларының үстіне ған жалғанады, соған байланысты жіктік жалғаулардың тұлғалары да біркелкі болып келмейді, ал есім сөздерге жіктік жалғау тікелей түбірге және бір қалыппен жалғана береді. Бұның сыры неде? Ең алдымен, бұл — жіктік жалғаудың ауқымы өте кең екенін көрсетеді. Екіншіден, ол жіктік жалғаудың тек семантикалық мәнінен ғана емес, функциялық сипатының, синтаксистік қызметінің ерекшелігінен туындаса керек. Яғни жіктік жалғаудың предикаттық мәні сөйлемді тиянақтап, аяқтап тұру қасиетінде жатса керек. Ал предикат қызметін тек етістіктер ғана емес, есімдер де атқара алады.

Сөйтіп, кейбір етістік тұлғаларының баяндауыш қызметінің өзінде жіктелмей колданылуының сондай ерекшеліктері бар екен. Жіктік жалғауы есім сөз таптарынан гөрі етістікке тән десек те, оның мынадай ерекшеліктерін көрсетпеуге болмайды. Біріншіден, жоғарыда көрсетілгендей, етістік түбір тұлғасында тікелей жіктелмейді, ал есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктің кейбір түрлері) тікелей түбір тұлғада жіктеледі және 1-2-жақтарда

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

тек адамға байланысты есімдер ғана жіктеледі. Екіншіден, етістіктің жіктелетін тұлғаларының өзі бірдей, біркелкі жүйемен жіктелмейді. Атап айтқанда, қазақ тілінде етістік 5 түрлі жіктеледі, 4 түрлі жіктік жалғауы жалғанады.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларында есім сөздердің жіктелу ерекшелігін тану дағдысын қалыптастыру мақсатында практикалық тапсырмалар көп орындатып отыру қажет. Әсіресе жаттығу жұмыстарын орындауда тақырыпты ұғыну мүмкіндігін беретін тапсырмалар мен мәтіндер дұрыс саралану қажет. Жаттығудың шарттары да әр түрлі болып, оқытушы оларды алдымен түсіндіріп, содан кейін оқушыларға кейде жеке, кейде топ болып орындатып отырады. Жаттығу шарттары мынадай үлгілерде кездеседі:

1 – жаттығу. Мәтінен жіктік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар.

Мен Өзбекстан деген тамаша елде дүниеге келдім. Өзбекстан Орта Азия жерінде орналасқан. Өзбекстан жері кең-байтақ және өте бай. **Біз** отанымызда бейбітшілікте өмір сүріп жатырмыз. Ата-анамыз аман-есен. **Олар** күнделікті жұмыстарына барып, еңбектеніп жатыр. **Біз** ата-бабаларымыздың алдында соғыс пен аштықты көрмегеніміз үшін борыштымыз. **Сен** қалай ойласың?

2 – жаттығу. Берілген сөздерге жіктік жалғауын жалғаңдар.

Берілген сөздер: Ақылды, инженер, заңгер, отыр, бірінші.

Жекеше түрі		Ақылды	Инженер	Отыр	Бірінші
I	Мен				
II	Сен				
	Сіз				
III	Ол				
Көпше түрі					
I	Біз				
II	Сендер				
	Сіздер				
III	Олар				

3 – жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойыңдар.

Сен 7 – сынып оқушысы... . Бүгін 5 сабақ болады. Біз химия кабинетінде болды... . Сендер мектепке кешігіп келген жоқ... . Бүгін кезекші мен емес... . Олар кеше театрға барған жоқ Біз Алматыға бара... . Мен ертең келе... . Олар Астанаға жол жүрді... . Сен төртінші... . Біз айналаға көз татады... . Сіздер тойға бара... . Мен Алматылық... . Сендер мұражайдан келді... .

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI


Қазіргі күнде білім саласында жаңа технологияны қолдану, интерактив әдістермен сабақ өту өзекті мәселе болып отыр. Оқушылардың практикалық дағдысын қалыптастыруда Wordwall бағдарламасын пайдалану тиімді нәтиже беріп отыр. Бұл бағдарлама негізінде (<https://wordwall.net/ru/>) оқытушы өзі жіктік категориясы бойынша түрлі шаблондардан пайдаланып тапсырмалар жарату мүмкіндігіне ие. Осы сайты көмегімен оқушыларға да әр түрлі тапсырмалар орындатуға болады. Бұл тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймайды, сонымен қоса жылдам шешім қабылдау, өзін өзі бағалау дағдыларын да қалыптастырады.

0:19

- | | |
|--------|--------|
| сыз | пін |
| сыздар | мын |
| міз | лер |
| быз | сыңдар |
| сың | |
1. Мен студент +
 2. Мен оқытушы +
 3. Ол заңгер
 4. Біз адам +
 5. Олар дәрігер +
 6. Сендер адам +
 7. Сіздер оқытушы +
 8. Сен Жансая +
 9. Сіз Арман +
 10. Біз қызметкер +



Отправить ответы



Жіктік жалғауы (есімдер)

Поделиться

0:08

Мен төртте	Мен сегізде	Мен алтыда	мен екіде	Мен бірден кеткенде
Мен бесте	Мен тоғызда	Мен жеті жарымда	Мен үште	

жаттығу
жасай-мын

мектепке
бара-мын

тамақ
іше-мін.

жуына
-мын

үйге
келе-мін

тұра-мын


кітап
оқи-мын

теледидар
көре-мін

ойнай-мын



Отправить ответы



“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

Қорыта айтқанда, оқушылар білуі қажет негізгі теориялық ұғым бұл: зат есімдер сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалғанда жіктеліп қолданылады. Жіктік жалғаудың 3-жағы және жекеше, көпше түрлері бар. Әдетте 1—2-жақтарда адамға байланысты зат есімдер жіктеледі де, 3-жақта кез келген зат есім бола береді: Жіктік жалғаулары буын (1—2-жақ) және дыбыс (1-жақ) үндестіктері бойынша жалғанады. 1-жақ жекеше -мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, көпше -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз, 2-жақ жекеше анайы -сың, -сің, сыпайы -сыз, -сіз, көпше анайы -сыңдар, -сіндер, сыпайы -сыздар, -сіздер, 3-жақта арнайы жалғау жоқ. Оны түрлі кестелерден пайдаланып түсіндірсе сабақ нәтижелі боларын жоғарыдағы әдістерден көруге болады.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Байтұсынов А. Тіл тағылымы. - А:«Ана тілі», 1992. – 447б.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана: «Елорда», 2002. – 784 бет.
3. Қазақ тілі: Энциклопедия. – А., 1998.
4. <https://wordwall.net/ru/>
5. Kahramanov K. Naim Karimov Is a literary scholar, Scholar and critic. Rivista Italiana di Filosofia Analitica Junior. 2023, Vol 14. ISSN: 2037-4445.
6. Makhbuba Urazbayeva, Burkhanova Feruza, Pardayeva Nigora, Atabayeva Go`zal, Qodirova Mashhura. Issues of Distribution of Bear Image in Uzbek Novels. Journal of Advanced Zoology. 2023. 2184-2192 p.
7. Omanova, M. (2024). IMPORTANCE OF VOICE IN EXPRESSIVE READING. Galaxy International Interdisciplinary Research Journal, 12(1), 125-128.
8. Qalandarova, D. Z. (2024). EPIK JANRLARNING HORIJDA TADQIQ ETILISHI MASALALARI (“Alpomish” dostoni misolida). Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences, 4(20), 79-83.
9. Атабаева, Г. З. (2024). NIZOMIY GANJAVIYNING “XAMSA” ASRIDAGI OBRAZLAR TAHLILI VA GENEZISI. 2-СЫН, 1-ЙИЛЬ ЯНВАРЯ 2024-ГО-1-ЙИЛЬ КИШМ, 12.
10. Kadirova, M. (2022). The Need For Improving The Methodology Of Teaching Folklore In Distance Learning. CURRENT RESEARCH JOURNAL OF PHILOLOGICAL SCIENCES, 3(03), 1-6.
11. Omanova, M. (2024). NIZOMIY GANJAVIY MEROSINING ALISHER NAVOIY IJODIGA TA’SIRI. Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences, 4(20), 24-27.
12. Omanova, M. (2024). Bahouddin Naqshband to‘g‘risidagi ma’lumotlar aks etgan asarlar. “O‘zbek adabiyotshunosligining dolzarb masalalari”. – Toshkent: 139-146.